# 1920-1930 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір

# Жоспар

- **I. Қасіретті жылдар.**

1. 1931-1933 жылдардағы аштық.
2. Шаруалардың жаппай ұжымдастыру саясатына қарсылығы. Шаруалар көтерілістері.

- **II. Жазалау шаралары.**

1. Қазақстанда лагерьлер жүйесі.
2. Зиялы қауымды жаппай қудалау.

- **III. 1920-1930 жылдардағы Қазақстанның мәдениеті.**

1. Ағарту ісі.

| | Қамтыған уақыттары | Мақсаты | Нәтижесі | Кемшіліктері |
|---|---|---|---|---|
| Жаңа экономикалық саясат | 1921-1925<br>РКП(б)-ның Х съезі | Елді азамат соғысынан кейінгі бүлінген шаруашылық жағдайынан шығару үшін ауыл шаруашылығын жетілдіру | Ақша тұрақтанды. Ауыл шаруашылығында табыстарға жетті. Сауда дамыды. Өнеркәсіпті қалпына келтірді. | Ауыр өнеркәсіп нашар дамыды. Одақтық маңыздағы экономика қалыптасты. Басқарудың әміршілдік әдісі енгізілді. |
| Қазақстандағы индустрияландыру | 1926-1941 | Ірі өнеркәсіпті , ең алдымен ауыр өнеркәсіпті құру, ірі өнеркәсіптік өндіріс негізінде бүкіл халық шаруашылығын қайта құру. | Қазақстан Одақ бойынша өндірістің жалпы өнімінің көлемі жөнінен 7-ші, электр қуатын өндіруде 6-шы, тас көмір және мұнай өндіруде 3-ші, қорғасын өндіруде 1-ші орынға шықты. | Ауылдағы өндірістік күштердің күйреуі. Қазақстан өнеркәсібінің шикізаттық бағыты. Кәсіби мамандардың басқа аймақтардан келуі |
| Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру | 1927ж желтоқсанда БК(б)П XV съезі<br>1929-1938 | Халықты күштеп ұжымдастыру, Ұжымдық шаруашылық- тың әр түрлі типтерін енгізу. | | Аштықтан 2 млн 100 мың қазақ қырылды.<br>Ауыл шаруашылығының құлдырауы. Жеке шаруаны жою. Шаруалар көтерілістері. Халықтың жаппай қоныс аударуы. |

# 1931-1933 жылдардағы аштық.




1929-1930 жылдардың қысында жұт болды. 1931 жылы көктемде Алматыға жер-жерден аштық жөнінде мәліметтер келіп түсе бастады. Алайда өкмет оларды жоққа шығарып, әкімшілік қысымды қатайтты.

Аштық пен қуғын- сүргіннің қысымымен қазақтар бүкіл ауыл болып шектес облыстарға, республикаларға көше бастады.

Бірнеше жүз мың қазақ Қытай, Моңғолия, Иран, Ауғаныстанға қоныс аударды.

1931-1933 жылдары аштықтан, суықтан, аурулардан 2,1 млн-дай қазақтар мен 200-250 мыңдай басқа ұлттардың өкілдері қаза тапты.

# Шаруалар көтерілістері.

| Көтеріліс болған уақыты | Көтеріліс қамтыған аумақ | Көтерілістің барысы | Нәтижесі |
|---|---|---|---|
| 1929 жылы 27 қыркүйек | Сырдария округі, Бостандық ауданы. | Көтеріліс бүкіл ауданға тез тарап, 500-ге тарта мүшелері бар көтерілісшілер отряды құрылды. Оларға Қырғызстандағы  көтерілісшілер отряды қосылды. | Нашар қаруланған көтерілісшілер жеңіліске ұшырады. 70-тен астамы өліп, көпшілігі тұтқынға түсті. |
| 1929 жылы күзде | Қостанай округінде | 1 қарашада басталып, Батпаққара ауданының орталығын басып алды. Кеңес және партия, милиция мекемелерін талқандады, түрмедегі-лерді босатты. Қысқа мерзім ішінде 500-ге жуық отряд жиналғаны-мен он көтерілісшінің біреуін-де ғана ату құралы болды. | ОГПУ-дің қарулы отрядтары көтерілісшілерді талқандап, көтеріліс басып жаныштадды. 200-дей адам тұтқындалды. |
| 1930 жылы 12 ақпан | Қазақстанның оңтүстігіндегі Созақ ауданында | Ірі бой көтеру болды. Көтеріліске 5000-дай адам қатысты. Сол уақыттағы деректер бойынша бұл оқиғалар «Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық қарулы көтеріліс» ретінде сипатталады. Көтерілісті басу үшін Ташкенттен 225 адамнан тұратын әскери топ жіберілді. | Көтеріліс сол жылы көктемде талқандалды. Көтеріліске қатысқандарды қуғындау 1938 жылға дейін жалғасты. |

| Көтеріліс болған уақыты | Көтеріліс қамтыған аумақ | Көтерілістің барысы | Нәтижесі |
|---|---|---|---|
| 1930 жыл 27 наурыз | Жетісудағы Аксу ауданында | 200 көтерілісші Абакумовканы басып алды. Оларға Кеңес өкіметінің саясатына наразы жергілікті халықтың бір бөлігі қосылды. Келесі күні 40 адамдық қарулы отряд құрған Арасан елді мекенінің тұрғындары көтерілісшілер жағына өтті. Орыстардан 40 адамнан тұратын көтерілісші-лердің жеке отряды құрылды.. | ОГПУ отрядымен алғашқы шайқас 28 наурыз күні өтті. ОГПУ отряды жеңіліске ұшырады. Бірнеше күннен кейін арнайы жіберілген қызыл гвардияшылар отряды көтерілісші-лерді Лепсі түбінде талқандады. |
| 1930 жыл наурыз | Актөбе, Қостанай, Қызылорда | Неғұрлым табанды әрі ұзаққа созылған көтеріліс болды. Көтеріліс басталған-нан партизан соғысының сипатында болып, жазалау-шылардың шешуші соққы жасауына мүмкіндік берме-ді. Халық қозғалысын басу үшін 8 атты әскер дивизиясы, ОГПУ отрядтары, милиция, комунистік отрядтар жіберілді. Өкімет карусыз сарбаздарға қарсы 700 қылыш, 30 пулемет, зеңбірек, ұшақ, бронды техниканы пайдаланды. Сондада көтерілісшілерді талқандай алмады. | Сәуірдің соңында бейбіт келіссөздер басталды. Көтерілісшілер мынандай талаптар ұсынды: Заңсыз тәркі-ленген малды қайтару Ұждан бостандығы; мешіттерді қайтару және дінге сенушілер-дің істеріне өкіметтің араласпауы. Тәркілеуге тиым сала-тын декрет жариялау; күштеп ұжымдасты-руды тоқтату; салық мөлшерін малдың санына қарай белгі-леу; малшылардан астық салығын алуды тоқтату. Өкімет орындауға уәде берді, бірақ уәделерінде тұрмады. Барлық көтерілісшілер каруларын тастаған соң тұтқындай бастады. |
| 1931 жылы көктем- жазда | Маңғыстауда | Табын мен адай руларының қазақтары ұжымдастырудан қашып Түркіменстанға, Қарақалпақстанға жаппай көше бастады. Қазақтарды тоқтату карулы көтеріліске әкеп соқты. Маңғыстау облысының көтеріліс көлемінің артуына алаңдаған Голощекин Мәскеуден көмек сұрады. Маңғыстауға Әзербайжан ОГПУ-нің күштерімоторлы және механикаландырылған күштер жіберді | Екі айдың ішінде адайлықтар мен табындардың негізгі күштері талқандалып, ұйымдастырушылары сотқа тартылды. ОГПУ жендеттерінен қашып шыққандар Түркіменстан арқылы Иран мен Ауғаныстанға қоныс аударды. |

# Шаруалар көтерілісі



ОГПУ-дің деректері бойынша 1929 жылы Қазақстанда жалпы саны 350 адамнан тұратын 31 көтерілісшілер отряды болды.

1930-1932 жылдары көтерілісшілер 2 мыңға, 1932-1933 жылдары 3,2 мың адамға жеткен.

Голощекиннің  Сталинге 1931 жылы желтоқсанда жазған хатында Қазақстан аумағында 15 ең ірі көтеріліс туралы айтылады. Республикада 80 мыңдай адам қатысқан шаруалардың 400 –дей бой көрсетулері болып өтті. 5 мыңнан астам көтерілісшілер Кеңес өкіметіне қарсы шыққаны үшін сотталып, ГУлаг лагерлеріне қамалды, олардың 883-і атылды.

# Қазақстанда лагерьлер жүйесі.

# Қазақстанда лагерьлер жүйесі.

- ***Степлаг*** – Далалық лагерь.
- ***Қарлаг*** – ерекше режимді Қарағанды еңбекпен түзеу лагері.
- ***ЧСИР*** – Отанға опасыздық жасағандар отбасыларының мүшелеріне арналған лагерь.
- ***Алжир*** – Отанға опасыздық жасағандар әйелдерінің Ақмола лагері.
- ***Гулаг*** – Лагерьлер Бас Басқармасы
- ***Үштіктер*** – үш адамнан құралған комиссия
- ***БМСБ (ОГПУ)*** – Біріккен мемлекеттік саяси басқарма.

# ИСТОРИЯ И ФАКТЫ

e-history.kz

## ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВЫЕ ЛАГЕРЯ КАЗАХСТАНА

### СОСТАВ ЗАКЛЮЧЕННЫХ ПО ХАРАКТЕРУ ПРЕСТУПЛЕНИЙ %




### РОЛЬ И ЭФФЕКТИВНОСТЬ ЗАКЛЮЧЕННЫХ ГУЛАГА В ЭКОНОМИКЕ СССР

В ЛАГЕРЯХ ПРИМЕНЯЛАСЬ СИСТЕМА СТИМУЛИРОВАНИЯ ТРУДА

ЗА ТРУДОВЫЕ ЗАСЛУГИ, ЗАКЛЮЧЕННОМУ МОГЛИ ПРЕДОСТАВИТЬ ПРАВО НА СВИДАНИЕ С РОДСТВЕННИКАМИ, А ПРОВИННОСТЬ МОГЛА КАРАТЬСЯ, НАПРИМЕР, КАРЦЕРОМ НА 20 СУТОК

**3%** ВВП ПРИНОСИЛ ТРУД ЗАКЛЮЧЕННЫХ

В СРАВНЕНИИ С ГРАЖДАНСКИМ СЕКТОРОМ, ТРУД ЗАКЛЮЧЁННЫХ БЫЛ НЕЭФФЕКТИВНЫМ, А ПРОДУКТИВНОСТЬ НИЧТОЖНОЙ




### КАРЛАГ

КАРАГАНДИНСКИЙ ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВОЙ ЛАГЕРЬ — ОДИН ИЗ КРУПНЕЙШИХ ЛАГЕРЕЙ В 1930—1959 ГОДАХ

ОБРАЗОВАН 19 ДЕКАБРЯ 1930 ГОДА

АДМИНИСТРАТИВНЫМ ЦЕНТРОМ КАРЛАГА СТАЛ ПОСЕЛОК ДОЛИНКА В 50 КМ ОТ КАРАГАНДЫ

ЗА 28 ЛЕТ СУЩЕСТВОВАНИЯ КАРЛАГА В НЕМ ПОБЫВАЛИ БОЛЕЕ **1 МИЛЛИОНА** ЗАКЛЮЧЕННЫХ

27 ИЮЛЯ 1959 ГОДА ЛАГЕРЬ БЫЛ ЗАКРЫТ

### СТЕПЛАГ

ЛАГЕРЬ ДЛЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ ЗАКЛЮЧЕННЫХ В СИСТЕМЕ ГУЛАГ БЫЛ ОСНОВАН В 1948 ГОДУ НА ОСНОВЕ ДЖЕЗКАЗГАНСКОГО ЛАГЕРЯ ВОЕННОПЛЕННЫХ № 39

ЛАГЕРЬ ОБСЛУЖИВАЛ ДЖЕЗКАЗГАНСКИЙ МЕДНЫЙ КОМБИНАТ ЗАКЛЮЧЕННЫЕ РАБОТАЛИ НА УГОЛЬНЫХ ШАХТАХ,

В МАЕ-ИЮНЕ 1954 СТЕПЛАГ СТАЛ МЕСТОМ ОДНОГО ИЗ САМЫХ ИЗВЕСТНЫХ И ТРАГИЧНЫХ В ИСТОРИИ ГУЛАГА ВОССТАНИЙ, ПОДАВЛЕННОГО **С ПРИМЕНЕНИЕМ ТАНКОВ**

24 АПРЕЛЯ 1956 ГОДА СТЕПЛАГ БЫЛ ЛИКВИДИРОВАН

### АЛЖИР

АКМОЛИНСКИЙ ЛАГЕРЬ ЖЁН ИЗМЕННИКОВ РОДИНЫ

КРУПНЕЙШИЙ ЖЕНСКИЙ ЛАГЕРЬ НА ТЕРРИТОРИИ СССР В ЭПОХУ ТОТАЛИТАРИЗМА

ЛАГЕРЬ БЫЛ ОБРАЗОВАН В НАЧАЛЕ 1938 ГОДА

СВЫШЕ 18 ТЫСЯЧ ЖЕНЩИН ПРОШЛИ ЭТАПОМ, А ОКОЛО 8 ТЫСЯЧ ЖЕНЩИН ОТБЫВАЛИ СРОК ОТ ЗВОНКА ДО ЗВОНКА

ВСЕГО В 1942 ГОДУ БЫЛО КАЗНЕНО ОКОЛО **50 ЖЕНЩИН**

ЗАКРЫТ ЛАГЕРЬ БЫЛ В 1958 ГОДУ

# Зиялы қауымды жаппай қудалау

# Жүсіпбек Аймауытов



1929 ж. басталған кеңестік қуғын-сүргін кезінде Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар деген жаламен тұтқындалып, ұзақ тергеуден кейін 1931 жылы ату жазасына сырттай үкім шығарылған.

# Міржақып Дулатов



1930 жылғы сәуірде М. Дулатовты ату жазасына үкім шығарып, кейін 10 жыл қамауға ауыстырылды. 1935 жылы 5 қазанда М. Дулатов Соловки лагерінде қайтыс болды.

# Ахмет Байтұрсынұлы



1930 жылы А. Байтұрсынұлы Архангельск облысына жер аударылып, 1734 жылы Е. Пешкованың өтініші бойынша бостылды. 1937 жылы қайта қамауға алынып, атылды.

# Зиялы қауымды жаппай қудалау




1937-1938 жылдары қазақ-кеңес әдебиетінің көрнекті тұлғалары: С. Сейфулин, Б. Майлин, І. Жансүгіров жазаға ұшырап өлтірілді.

# 1920-1930 жылдардағы Қазақстанның мәдениеті.

# Ағарту ісі

- 1924 жылы сәуірде **“Сауатсыздықты жою”** қоғамы құрылды.
- 1921-1927 жылдары 200 мың адам оқып сауатын ашты.
- 1928 жылдың аяғында сауатты адамдар-25% оның ішінде қазақтар-10% болды.
- 1926 жылғы мамырда **«Қазақ АКСР-де бірыңғай еңбек мектептерінің жарғысы»** қабылданды:

✔ Үш жылдық және төрт жылдық мектептердің үлес салмағын көбейту.

✔ Қазақ қыздарына арнап мекетеп ашу.

# Сәйкестендір

| | |
|---|---|
| 1926-1941 жылдар | ЖЭС |
| 1927-1938 жылдар | Шаруалар көтерілісі |
| 1921-1925 жылдар | Ұжымдастыру |
| 1929-1931 жылдар | Ашаршылық |
| 1931-1933 жылдар | Индустрияландыру |